

Оқушылардың танымдық іс- әрекетін басқарудағы педагогтің шеберлігі.

Орындаған:Қарабай А.

Тобы:102-36


Қабылдаған:Нұрсеитова Л.

Жоспар:

1. Оқушылардың кәсіби қызығушылығын тудыру, зейінін қолдау біліктілігі.
2. Таңдалған кәсіпке студенттің мотивациясын көтеру.
3. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен басқаруда әлеуметтік педагогтің шеберлігі.
4. Болашақ маман тұлғасының жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, оның тұлғасына ықпал етудің жолдарын қарастыруда педагогтің шеберлігі.

Оқу үрдісін басқару – бұл оқытудың берілген мақсатына қол жеткізу үшін оқытушының студенттер ұжымына немесе жеке студентке мақсатты, жүйелі түрде ықпал етуі. Басқарудағы оқытушының міндеті – басқарылатын процестің күйін өзгертіп отыру, оны белгіленген деңгейге дейін жеткізу, дамыту.

Сабақтың тиімділігі оқушылардың танымдық әрекетін және ақыл-ойын дамыту процесін басқарудың рационалды жолдарын қолданумен қамтамасыз етіледі. Оқу үрдісінде танымдық әрекетті басқару көптеген факторларға тәуелді. Соның бірі – оқытушының өз сабағына, пәніне оқушыларды қызықтыра білу іскерлігі. Себебі қызығушылық психикалық процестердің барлығына: қабылдауға, есте сақтауға, назар аударуға, ойдлауға, ерікке жағымды әсер етеді.



Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын тудырудың негізгі шарттары:

Егер оқушы, студент оқу үрдісінде белсенді болса, өз бетімен іздену, «жаңа білімді табу» процесіне енгізілсе, проблемалық сұрақтарды шешетін болса, онда оның танымдық қызығушылығы, пәнге деген және ойлау еңбегі процесінің өзіне де махаббаты артады.



Адамның өзінің ішкі ресурстарын талдау және оларды өзі таңдаған мамандықтың талаптарымен салыстыру нәтижесінде мамандық таңдалады. Мамандықты таңдау – адам өміріндегі маңызды шешім, адамның қоғамда өзін бекітуінің негізі. Мамандықты таңдау – бір сәтті акт емес, ол ұзақтығы сыртқы жағдайларға және субъектінің жеке ерекшеліктеріне тәуелді бірнеше кезеңдерден тұратын процесс



Кейбір педагогтар студенттің өздігінен білім алуы оқытушының қатысуынсыз өтетін үрдіс деп есептейді. Алайда, өзіндік жұмысты оқу үрдісінің бір бөлігі десек, онда ол басқарылатын жүйе, яғни оқытушы мен студенттің бірлескен әрекеті. Өзіндік жұмыс тек қана үй тапсырмасы емес,

ол – барлық сабақтардың жиынтығы. Өзіндік жұмыстың негізі дәрістерде, семинар сабақтарында беріледі. Сондықтан студенттің өз бетімен істейтін жұмысы оқытушы тарапынан қадағаланып отырады. Өзіндік жұмысты басқарудағы оқытушының әрекеті:

жұмыстың мақсаты мен міндетін айқындау;

білімі мен тәжірибесін беру;

әрекетті ұйымдастыру;

өзіндік жұмысты жоспарлау;

оқу-әдістемелік нұсқаулар дайындау;


өзіндік жұмысты тексеру формасын анықтау және т.б.


Өзіндік жұмыс оқу үрдісімен тығыз байланысты болғандықтан, оны, ең алдымен, екіге бөліп қарастыру керек: дәрісханалық өзіндік жұмыс (дәрістік, тәжірибелік, зертханалық сабақтар) және дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыс (дәріс материалдарын толықтыру, семинар сабақтарына дайындалу, реферат жазу, үй тапсырмаларын орындау, бақылау, курстық, диплом жұмыстарын жазу және т.б



Кәсіптік еңбек тәрбиесін қалыптастыратын қабілеттер мен қасиеттер: таңдаған мамандығына, еңбек қызметіне тұрақты қызығушылық, қиыншылықты жеңу қабілеті, мақсатына жете білу, ерік-жігер, шыдамдылық, еңбек сүйгіштік, жауапкершілік, еңбек мәдениетінің дағдылары, материал мен жабдықтарды дұрыс және мұқият пайдалана білу, жұмыс орнын таза сақтау, еңбекке өз бастамасымен араласу, өзін қоршаған ортаға пайдасын тигізу, кәсіби еңбек этикасын меңгеру.

Рухани адамгершілік мәдениетін қалыптастыру жеке адамды жан-жақты дамыту жүйесінің басты бөлшегі ретінде.





**Назарларыңызға
көп рахмет**